# Дәрігермен науқас арасындағы қарым-қатынас түрлерін қолдану

# Адамдар ара-қатынасы белгі жүйесі арқылы іске асырылады, оның 2 түрі бар:

- ***Вербальды коммуникация***;
- ***Вербальды емес коммуникация***;

***Сөз – ақпарат көзі және науқаспен сұхбаттасу әдісі***

# Вербальды коммуникация





# Вербальды емес коммуникация

Вербальды, яғни сөз арқылы қарым-қатынас құруда паралингвистикалық (вербальды емес) да кеңінен қолданылады. Мысалы, түрлі дыбыстар – жөтелу, ыңырсу, есінеу, терең демалу және т.б сөйлеу тәсіліне де жатпаса да, мағыналы болады, науқастың жағдайын, көңіл-күйін, мәліметке көз-қарасын білдіреді. Бұлардың арасында келесі белгілер маңызды рөль атқарады:

**Науқастың бет әлпеті, мимикасы қарым-қатынас кезінде маңызды орын алады. Бет әлпеті науқастың психологиялық құбылыстарын сипаттайды: назалануын., қорқуын, қайғыруын, т.б**

**Мысалы, еріннің бұрыштары төмен түсіп тұрса науқастың шаршағанын, қалжырауын көрсетеді. Ал еріннің бұрыштары жоғары қарай бағытталса – дәрігерге тәуелділігін, оның мақұлдауын, демеуін күтіп тұрғанын, сенімсіздік ойын белгілейді. Ауыз сызығы тік болса – науқастың жағдайы жақсарған деп болжауға болады.**

***Жабық позалар*** **науқастың қарсылық жасағанын сездіреді. Оларға жататындары: кеудесіне қолдарын айқастыра тұруы "Напалеон позасы" т.б**

***Ашық позалар*** **науқастың арақатынасқа және әрекетке даярлығын көрсетеді.**

- Қарым-қатынас құрған кезде дене қалпы және қол қимылдары өте маңызды. Мысалы, дәрігер орындық шетіне ғана отырып науқаспен әңгіме құрған жағдайда , ол оның асығыс екенін, сұхбаттасу қысқа өтетінін болжайды. Сонымен қатар , дәрігер науқастында қас-қабағын, көзқарасын, мимикасын, дене және қол қимылдарын, отырыс-тұрысын, жүрісін қадағалап,бақылайды.



**Паралингвистикалық құбылыстар**

- Дауыстың қаттылығы
- Дауыстың қарқындылығы
- Дауыстың Ырғағы паузалар

# Вербальды емес қарым-қатынаста міндетті түрде қолданылады:

- Мимика
- Жест
- Поза
- Көзқарасы
- Дауыс ерекшеліктері



- Науқаспен қатынасу кезінде бұл құралдар тек кешенді түрде қолданылады, себебі мұндай жағдайда оның әсері және тиімділігі өте жоғары дәрежеде болады.
- Науқаспен жанасуы, көріп зерттеуі, ем тағайындап, нұсқау беруі тек сөз арқылы бейнеленіп, іске асырылуына байланысты дәрігердің науқасқа айтылатын сөзіне ерекше талап қойылады.

# Дәрігерлік сөз мәнерін жоғары дәрежеде жүргізуі - әр ДӘРІГЕРДІҢ МІНДЕТІ




Зер салғандарыңызға рахмет!